

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

---

# АЯН ҚОРЫМЫ

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2019

ӘОЖ 902/904

КБЖ 63.4

А 99

*ҚР Білім және ғылым министрлігі жариялаған  
гранттық іргелі зерттеу бағдарламасы бойынша  
АР05134378 «Көне заманнан орта ғасырларға дейінгі  
Қазақ Алтайы тұрғындарының сакральді кеңістігі  
және жерлеу-ғұрыптық рәсімдері» тақырыбындағы  
ғылыми жоба аясында дайындалды*

А 99 **Аян қорымы** / **Ғ.Қ. Омаров, Б.Б. Бесетаев, С.А. Сапатаев, С.Т. Сағындықова.** – Алматы: Қазақ университеті, 2019.  
– 24 б.

**ISBN 978-601-04-3732-6**

Бұл еңбек ҚР БЖҒМ жариялаған 2018-2020 жылдар аралығындағы гранттық іргелі зерттеу бағдарламасы бойынша АР05134378 «Көне заманнан ортағасырларға дейінгі Қазақ Алтайы тұрғындарының сакральді кеңістігі және жерлеу-ғұрыптық рәсімдері» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды. Зерттеуде Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Қаратоғай ауылына жақын орналасқан Аян қорымы жайлы айтылады. Еңбекке 2015-2018 жылдардағы қазба және барлау жұмыстарының нәтижелері мен иллюстрациялық материалдар енгізіліп отыр.

Басылым өлке тарихы мен археологиясынан хабарлар болғысы келетін көпшілік оқырман қауымға арналған.

Автордың редакциясымен шығарылды.

**ӘОЖ 902/904**

**КБЖ 63.4**

ISBN 978-601-04-3732-6

© Омаров Ғ.Қ., Бесетаев Б.Б.,  
Сапатаев С.А., Сағындықова С.Т., 2019  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019



*Қазақтың бүгінгі шар шаңырағы – ұлы түркі жұртының қара шаңырағын ұстап қалған сүт кенже ұрпағының шаңырағы. Ол киелі шаңырақ Алтай өңірінде көтерілген Түркі елінің алтын күлдіреуішінен әлі күнге шапағат алып тұрғаны ақиқат. Марқакөл мен Бұқтырма суының тұнығындай таза текті, Мұзтау мен Сарытау ақша қарындай аппақ ниетті қазақ халқының болашағы Шолпандай жарық, мұхиттай айдынды. Ақ марал мен Көк бөрі қасиеті қонған еліміз ертеңі Ертістей ерен екені көміл шындық.*

*Асқар АЛТАЙ*

**Е**уразия даласында ежелден бүгінге дейін физико-географиялық және саяси-аудандық тұрғыдан ерекше өңір болып табылатын Қазақ Алтайы территориясы маңызды зерттеу нысаны ретінде бірнеше мемлекет ғалымдарының назарында. Соңғы жылдарда Шығыс Қазақстан мен басқа да Еуразияның Азия бөлігінде жасалған жаңа археологиялық ашылымдар мен зерттеулер көшпелі мәдениеттің қалыптасу мәселелері мен уақытына байланысты дауды одан әрі күшейтті. Сондықтан протомемлекеттер қалыптасу кезеңі ескерткіштерін зерттеу бүгінгі күнде өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Аян қорымы Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Қаратоғай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 18 шақырым қашықтықта, Оңтүстік-Батыс Алтай тау сілемдері – Күршім жотасының күнгей баурайында орналасқан. Қорымнан оңтүстікке қарай 4 шақырым жерде Еңбек ауылы орын тепкен. Ескерткіш әр түрлі кезендерді қамтитын 50-ге жуық жерлеу-ғұрыптық ескерткіштерден тұрады. Нысандар жоспарлы түрде оңтүстік-солтүстік бағытта, сәл ауытқуларымен орналасқан, тізбек бойымен үш қатар болып келеді. Жүйесіз орналастырылған нысандар да кездеседі.

Қорымдағы алғашқы зерттеу жұмыстары 2005 жылы Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкерлерімен жүргізілді, негізінен барлау жұмыстары жасалған (Свод..., 2006).

